

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2025 жылғы « 31 » желтоқсандағы
№ 1199 қаулысына
2-қосымша

**Қосылған құн салығын есепке жатқызу әдісімен төленетін
импортталатын тауарлардың тізбесін қалыптастыру қағидалары**

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қосылған құн салығын есепке жатқызу әдісімен төленетін импортталатын тауарлардың тізбесін қалыптастыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Салық кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 508-бабының 1-тармағына және 509-бабының 1-тармағына сәйкес әзірленді және қосылған құн салығын есепке жатқызу әдісімен төленетін импортталатын тауарлардың тізбесін қалыптастыру тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда келесі ұғымдар қолданылады:

1) уәкілетті мемлекеттік орган – мемлекеттік салық және кеден саясатын қалыптастыруды жүзеге асыратын құзыретті мемлекеттік орган;

2) тиісті экономика саласын басқару мәселелері бойынша уәкілетті мемлекеттік органдар – салық органдары мен жергілікті атқарушы органдарды қоспағанда, мемлекеттік басқарудың жеке саласын немесе аясын басқаратын, соның ішінде бюджетке басқа міндетті төлемдерді есептеу және (немесе) жинауды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары.

**2-тарау. Қосылған құн салығын есепке жатқызу әдісімен төленетін
импортталатын тауарлардың тізбесін қалыптастыру тәртібі**

3. Қосылған құн салығын есепке жатқызу әдісімен төленетін импортталатын тауарлардың тізбесін (бұдан әрі – тізбе) қалыптастыру тиісті экономика саласын басқару мәселелері бойынша уәкілетті мемлекеттік органдарға сұрау салу негізінде уәкілетті мемлекеттік орган тарапынан жүзеге асырылады.

4. Тізбеге өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу жөніндегі ұсыныстарды жетекшілік ететін салалар бойынша мүдделі мемлекеттік органдар уәкілетті мемлекеттік органға жібереді.

5. Қосылған құн салығын есепке жатқызу әдісімен төленетін импортталатын тауарлардың тізбесіне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу жөніндегі ұсыныстарға мынадай мәліметтер қоса беріледі:

1) экономиканың тиісті саласын басқару мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның тізбені өзгерту және (немесе) толықтыру қажеттілігі және

тізбеге қосуға ұсынылып отырған тауарға Қазақстан Республикасының жылдық қажеттілігі (нақты көлемі) туралы;

2) экономиканың тиісті саласын басқару мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның Қазақстан Республикасының аумағында ұқсас тауарлар өндірісінің жылдық көлемі (нақты көлемі) туралы немесе мұндай өндірістің болмауы туралы;

3) Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін, тізбеге қосуға ұсынылып отырған тауардың құны (тауардың 1 бірлігіне теңгемен).

6. Қосылған құн салығын есепке жатқызу әдісімен төленетін импортталатын тауарларды тізбеден алып тастау жөніндегі ұсыныстарға мынадай мәліметтер қоса беріледі:

1) экономиканың тиісті саласын басқару мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның алып тастауға ұсынылып отырған тауарды тізбеден алып тастау қажеттілігі туралы;

2) экономиканың тиісті саласын басқару мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның Салық кодексінің 508 және 509-баптары 1-тармағының 8) және 9) тармақшаларында көрсетілген ұқсас тауарлар өндірісінің жылдық көлемі туралы.

7. Уәкілетті мемлекеттік орган осы Қағидалардың 5 және (немесе) 6-тармақтарында көрсетілген мәліметтермен қоса, ұсынылған ұсыныстарды тізбеге өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу қажеттілігі туралы негіздеме келіп түскен кезден бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қарайды.

8. Экономиканың тиісті саласын басқару мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган осы Қағидалардың 5 және (немесе) 6-тармақтарында көрсетілген мәліметтерді толық ұсынбаған жағдайда, уәкілетті мемлекеттік орган ақпаратты тіркеген сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде мәліметтерді пысықтау қажеттілігі туралы хабарлама береді және пысықтауға жібереді.

Пысықтау осы Қағидалардың 5 және (немесе) 6-тармақтарында белгіленген қажетті мәліметтерді ұсынуды қамтиды және оны экономиканың тиісті саласын басқару мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган қайта қарау үшін 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

9. Тізбеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажеттілігі туралы мәліметтерді қараудың қорытындылары бойынша уәкілетті орган алынған мәліметтердің негізінде тізбеге өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуге келісім/келіспеу туралы экономиканың тиісті саласын басқару мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органды күнтізбелік 10 күн ішінде хабардар етеді.

10. Тізбеге ұсынылатын өзгерістер және (немесе) толықтырулар келісілген жағдайда экономиканың тиісті саласын басқару мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган заңнамада белгіленген тәртіппен тізбеге өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы Үкімет қаулысының жобасын әзірлейді.